«Қазақстан теміржолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының - «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директорының
2022 жылғы «___»_____ № _____
бұйрығына 9 қосымша

«Парфюмерлік-косметикалық өнімдерін сататын дүкен» объектісі бойынша техникалық ерекшелік

«Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді сататын дүкен» объектісінің (бұдан әрі – Дүкен) негізгі қызметі темір жол вокзалдарының жолаушыларын және өзге де келушілердің (парфюмерлік-косметикалық өнімдерді тек жеке, отбасылық, тұрмыстық және басқа да қажеттіліктер үшін сатып алуға ниетті азаматтар) қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Объект темір жол вокзалдарындағы жайларды коммерциялық қызметке жалға беру бойынша ашық конкурстар жүргізу жөніндегі комиссиямен бекітілген 3D форматындағы эскизді жобаға сәйкес жабдықталады және жарақтандырылады.

Парфюмерлік-косметикалық өнім: Адамның сыртқы қабығына (теріге, шаш сызығына, тырнақтарға, еріндерге және сыртқы жыныс мүшелеріне) немесе тістер мен ауыз қуысының шырышты қабығына оларды тазарту, сыртқы түрін өзгерту, иіс беру үшін жалғыз немесе негізгі мақсатта тікелей жағуға арналған зат немесе заттардың қоспалары; және/немесе дене иісін түзету және/немесе оларды қорғау және/немесе оларды жақсы ұстау және/немесе оларға күтім жасау.

Жалға алушы Дүкенінде қызмет көрсетудің негізгі принципі – клиенттермен қарым-қатынасу мәдениет және этикасын сақтай отырып, атаулы, сапалы, уақтылы қызмет көрсетуі тиіс.

Дүкенде қызмет көрсету Жалға алушының кәсіби даярланған мамандары жүргізуі тиіс. Баға прейскуранты қазақ және орыс тілдерінде болуы тиіс. Әрбір тауардың бағасы бекітілуі тиіс. Жалгер клиенттерге әрбір тауарға фискалды чек беруге тиіс. POS-терминал болуы құпталады.

Жалға алушының дүкен қызметкерлері мынаған тиісті:

Жалға берушімен нысаны келісілген бірыңғай киім киюі;

Жалға берушінің атауы бар және қазақ және орыс тілдерінде қызметкердің аты-жөнін көрсете отырып, бейджде тағу;

келбеті тартымды және ұқыпты болады.

Парфюмерлік косметикалық өнімдер мақсаты (бұдан әрі-ПКӨ): Оның қолдану аясын көрсететін функциональдық қасиет:

сәндік косметика (бет әрлеу, көз, ерін, қас, дене және шаш пен тырнақты бояуға арналған парфюмерлік-косметикалық өнім);

балалар косметикасы (14 жасқа дейінгі балаларға арналған парфюмериялық-косметикалық өнімдер);

бояғыштар (парфюмериялық және косметикалық өнімдерге түс беруге арналған немесе теріні, шашты және тырнақты бояуға арналған парфюмериялық-косметикалық өнімдердің құрамына кіретін табиғи немесе синтетикалық негіздегі химиялық заттарды бояғыштар).

ПКӨ қауіпсіздігі: Парфюмериялық-косметикалық өнімдердің жарамдылық мерзімі ішінде мақсатына және пайдалану әдісіне сәйкес пайдаланған кезде тұтынушыға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін парфюмериялық-косметикалық өнімдердің қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы.

Дүкенде сатылатын барлық тауарлар стандарт талаптарына және «Парфюмериялық-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 009/2011 кеден одағының Техникалық регалментіне сәйкес болуы тиіс (техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін ПКӨ нарыққа шығаруға жол берілмейді).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы ҚР ДСМ-53 бұйрығымен бекітілген «парфюмериялық-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» туралы санитарлық ережесінің 5 тарауына сәйкес:

ПКӨ өткізу өндіруші мәлімдеген шарттар мен өткізілетін өнімнің сәйкестігін бағалауға арналған құжаттар (сәйкестік туралы декларация немесе мемлекеттік тіркеу туралы сертификат) КО ТР 009/2011 талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен, тұтыну қаптамасында ақаулары бар және сақтау шарттары бұзылған ПКӨ сатуға жол берілмейді.

Конкурс ұйымдастырушының және/немесе оның филиалдарының мекенжайына теміржол вокзалы жолаушылары мен қатынаушыларынан сапасыз, дер кезінде және дұрыс қызмет көрсетілмеу мәселесі бойынша келіп түскен шағым Жалға алушымен шарт қатынасын бұзуға негіз болып табылады.